ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ

«ӨРЛЕУ» БАҰО АҚ ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ ЖӘНЕ ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША КӘСІБИ ДАМУ ИНСТИТУТ ФИЛИАЛЫ

# МАДАҚТАМА

**Мемлекетіміздің рухани әлеуетін нығайту мен білім беру сапасын арттыру саясатын жүзеге асыруда кәсіби жаңашылдығы, үздіксіз ізденімпаздығы және жоғары нәтижелері үшін**

**Түркістан облысы, Келес ауданы**

**№2 Ө.Жәнібеков атындағы МГ тарих пәні мұғалімі**

**Сабей Гульзада Матыгуловна**

**марапатталады**

№ 5116

Шымкент, 2023

Л. П. Искакова, директор

«ӨРЛЕУ» БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ ФИЛИАЛЫ
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ ЖӘНЕ ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША КӘСІБИ ДАМУ ИНСТИТУТЫ

**“БІЛІМ ШЫҢЫ-ҒЫЛЫМ СЫРЫ”**
*Педагогтар мен оқушыларға арналған ғылыми-әдістемелік республикалық журнал*
*Тіркеу куәлігі №15454-Ж (01.07.2015)*

# ГРАМОТА

Түркістан облысы Келес ауданы
Абай ауылы №2 Ө.Жәнібеков атындағы мектеп -гимназияның тарих пәні мұғалімі

**САБЕЙ ГҮЛЗАДА МАТЫГУЛОВНА**

Жас ұрпақтың дарындылық қабілетін және зияткерлік әлеуетін дамыту, ғылымға баулу жолындағы еселі еңбегі үшін және дайындаған шәкірті

**СУЙНДИКОВА АСЕЛЬ ҒАЛЫМҚЫЗЫ**

“XXI ҒАСЫРДЫҢ ЖАС ҒАЛЫМЫ” ғылыми жоба байқауында жеңімпаз болып, ғылыми жұмысы республикалық жинақ кітабына жарияланғаны үшін

**МАРАПАТТАЛАДЫ**

БАС РЕДАКТОР Б.А.ЕСЕН

*Тіркеу №017*
*Қазақстан Республикасы, 2023*

**“МЕКТЕП” республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журнал**

# ДИПЛОМ

## І ДӘРЕЖЕЛІ

Республикалық ғылыми әдістемелік, педагогикалық
“Мектеп” журналында жұмысы жарық көріп, тәжірибе
бөліскеніңіз және атқарған елеулі еңбек пен білім саласына
қосқан үлесіңіз үшін Түркістан облысы, Келес ауданы,
№2 мектеп-гимназиясының
тарих пәні мұғалімі

**Сабей Гульзада**

марапатталады

**“МЕКТЕП” журналының**
**бас редакторы** ***Ж.ТӨЛТЕБАЙ***

Тіркеу №0191

Қазақстан Республикасы, 2023 жыл

**“МЕКТЕП” республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журнал**

# СЕРТИФИКАТ

Республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық
“Мектеп” журналына жұмысы жарияланғаны үшін
Түркістан облысы, Келес ауданы,
№2 мектеп-гимназиясының
тарих пәні мұғалімі

**Сабей Гульзада**

берілді

**“МЕКТЕП” журналының бас редакторы** **Ж.ТӨЛТЕБАЙ**

Тіркеу №0191

Қазақстан Республикасы, 2023 жыл




*Тіркеу 017*

# Сабей Гүлзада Матыгуловна

Республикалық
"Білім шыңы-Ғылым сыры"
журналы редакциясының 2023 жыл
28 ақпан №002 шешімі бойынша
"ОҚУ МЕН ТӘРБИЕ ІСІНІҢ
ҮЗДІК ҰСТАЗЫ"
төсбелгісімен марапатталды.

***Бас редактор:*** ***Б. ЕСЕН***

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСТЫҚ
БІЛІМ БЕРУДІ ДАМЫТУ ОРТАЛЫҒЫ

# ГРАМОТА

ОҚУ-АҒАРТУ САЛАСЫН ДАМЫТУ
АЯСЫНДА ЕЛІМІЗДІҢ ЖАС ҰРПАҒЫНА
ЗАМАН ТАЛАБЫНА САЙ САПАЛЫ БІЛІМ БЕРІП,
ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ШЫҢДАУ ЖОЛЫНДАҒЫ
ҰСТАЗДЫҚ ҚЫЗМЕТІ ҮШІН

Түркістан облысы
*аудан/қала*

Келес ауданы

№2 Ө. Жәнібеков атындағы мг
*мектебі*

тарих пәнінің мұғалімі

Сабей Гульзада
*тегі, аты, әкесінің аты*

**МАРАПАТТАЛАДЫ**

Директор: Б. Төлімбет

Тіркеу № 117808

Түркістан, 2023

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСТЫҚ
БІЛІМ БЕРУДІ ДАМЫТУ ОРТАЛЫҒЫ

# Мадақтама

БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМ САЛАСЫНА
СІҢІРГЕН ЖЕМІСТІ ЕҢБЕГІ ЖӘНЕ
ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРДЫ
ҚОЛДАУ МЕН ДАМЫТУ ЖОЛЫНДАҒЫ
ЖЕТІСТІКТЕРІ ҮШІН

Түркістан облысы
аудан/қала
Келес ауданы
№2 Ө.Жәнібеков атындағы м-2
мектебі
тарих пәнінің мұғалімі
Сабей Гүлзада Матыгуловна
тегі, аты, әкесінің аты

МАРАПАТТАЛАДЫ

Директор: Б. Төлімбет

Түркістан, 2023 жыл

Тіркеу №



# Әлихан Бөкейхан



***СУЙНДИКОВА** Асель Ғалымқызы,*
*№2 Ө.Жәнібеков атындағы мектеп- гимназияның оқушысы.*
*Жетекшісі: **САБЕЙ** Гүлзада Матыгуловна.*
*Түркістан облысы, Келес ауданы*

2015 жылы 2-18 қараша аралығында Парижде өткен Бас конференциясының 38-сессиясында Алаш арысы, Алаш көсемі, көрнекті мемлекет қайраткері Әлихан Бөкейхановтың 150 жылдық мерейтойын 2016 жылы ЮНЕСКО көлемінде атап өту туралы ұсыныс қабылданды. Бұл мәселені 2011 жылы көсемнің 145 жылдығына байланысты өткен халықаралық конференцияда көтерген болатын. Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов -1866 жылы Қарқаралы уезінде дүниеге келген. 19 ғасырдың соңы мен 20 ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының, қоғам және мемлекет қайраткерлері қатарындағы аса ерекше тұлға. Көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, ұлт-азаттық және Алаш қозғалысының жетекшісі, публицист, ғалым, аудармашы, этнограф ретінде қазақ халқының саяси әлеуметтік, мәдени рухани тарихында өшпестей із қалдырған ұлы тұлға. Алаш қозғалысын айтып кететін болсақ, Алаш қозғалысы – XX ғасырдың алғашқы ширегінде Ресей империясының отарлық билік жүйесіне қарсы бағытталған ұлт-азаттық қозғалыс. XX ғасырдың басында Алаштың Әлиханы аталып, Ресейдің алдыңғы қатарлы зиялы қауымы болған аса ірі қоғам және мемлекет қайраткері Әлихан Бөкейханов. Әлихан Бөкейханов–қазақтың жаңа тұрпатты ұлт-азаттық қозғалысының көсемі. Бұл қозғалыс Әлихан бастаған саяси топбасшыларының ойлап тапқаны емес. Бұл патшалық Ресейдің отарлық саясатының езгісінен, өктемдігі мен әділетсіздігінен туған заңды құбылыс. Ресей империясы қазақты тиісті өзіндік өсіп-өркендеу жолы бар этностық қауым ретінде орыс халқымен тең көрмеді. Ең бірінші, оны жерінен айыруға тырысты. Патшаның жергілікті әкімшілігінің күшімен қоныстанушыларға ежелгі тұрғындардың атақоныстары, оты-суы мол, ең шұрайлы жерлері тартып әперілді. Қазақтар шөл және шөлейт жерлерге ығыстырылды. Қазақ тұратын аймақтар өлкелерге бөлініп, бірлік пен тұтастық бұзылды...

Батыстың демократиялық екпінін сезген, саяси дайындығы жеткілікті, рухани байлығы мол алдыңғы қазақ зиялыларының жаңа сапаға көтерілуіне жол ашты. Мұның ең бастысы, Алаш қозғалысының көсеміне айнала бастаған Әлихан Бөкейханов Ресей империясының отарлық саясатына жеке-дара күрестің нәтижесіздігін, белгілі бір ұйымдық күштердің қажеттілігін сезінді. Ол ұлт-азаттық күрес жолында баспасөздің ерекше рөл атқаратынын білді. 1913 жылы Әлихан Бөкейхановтың беделінің арқасында орталықтағы, жергілікті қоғам қайраткерлерінің көмегімен «Қазақ» газеті ашылды. 1918 жылы шығуын тоқтатқанша «Қазақ» газеті Каспий теңізі мен Қытайға дейінгі ұлангайыр аумақта орналасқан қазақтар арасында ең көп тараған және сүйіп оқитын басылым болды.

1917 жылғы Бірінші бүкілқазақтық съезде сөйлеген сөзінде Алаш қозғалысының ұйымдық күшін арттыра түсу мақсатында, оны бір орталықтан басқару үшін қазақтың саяси «Алаш» партиясын құру туралы айтты және «Алаш» партиясын осы съезде құрды.

Әлихан Бөкейханның ерекше назар аударғаны жер мәселесі болды. Столыпин заңдарынан кейін Қазақстанға ішкі Ресейден жерсіз шаруалардың топ-тобымен ағылуы өлкеде жер мәселесін асқындырып жіберді. 1891жылғы 25 наурызда шыққан дала ережесі 120-бабының қосымшасына сәйкес, қазақтан артық жер алынатын болды. Жаңа қоныстанушыларға жер бөлінгенде, қазақтар отырған мекен-жайынан көшіріліп, бұрыннан пайдаланып келе жатқан мал өсіруге аса қолайлы жерлерінен:шабындық, қыстық жайылым егістіктерінен тастақ, құмды, сортаң жерлерге ығыстырылды.Ең қиыны, қазақ меншігіндегі жер билігінің өзге қолға өткендігінде болды. Әлихан Бөкейхан алдымен жерді патшалық билік тұсында үлестен тыс қалып келген жергілікті халыққа беруді жақтады. Сонан соң ол жерді сатуға тыйым салуға, меншік есебінде үлестіріп беруге қарсы шықты, өйткені егіншілік мәдениетін толық меңгермеген қазақ шаруасы көрші-қоныстанушыларға өз үлесін сатып, жерсіз қалуы мүмкін еді. Әлихан Бөкейхан «Қазақ» газетіне Ресейдің отаршыл аппаратының зорлығын, жасап жатқан айласын жан-жақты сынап, әшкерелеп, сол арқылы халықтың көзін ашып, шындыққа жетеледі.Әлихан Бөкейхан – қазақ қоғамының алдында тұрған сан алуан міндеттерді шешу халықтың бірлігі арқылы ғана екенін терең түсінген қайраткер. Әділдік болмаған жұртта береке, бірлік болмайды деп санады. Ұлтының азаттығын мұрат еткен жастарға: «Ұлтқа пайдалы адам болғыңыз келсе, бәрінен бұрын орыс өкіметінің атамекеніміздегі жер саясатын мұқият зерттеп үйренуге тырысыңыз. Сізге не істеу керектігін осы саясаттың өзі-ақ көрсетіп береді», - деп кеңес берген. Әлихан Бөкейханов өмірінің соңғы он жылында Мәскеуге жер аударылып, өз пәтерінде «үй тұтқынында» ұсталып, 1937 жылдың 27 қыркүйегінде өлім жазасына кесіліп, сол күні атылды. Жерленген жері Москва түбіндегі атақты Монастырь ауданы аталатын байырғы «Дон зираты». Елім деген халқым деген қайран жайсаңдарымыз-ай, ұлттың ұйытқысы болған нокта ағалары-ай жазықсыз жапа шегіп кете барды...Орны қайғы, көкірек толатын қасірет, жүректен кетпейтін өксік, қазақ жұрағатының естен шығармайтын өкініші ... Шындығында, қазіргі таңда елім, жерім, тілім деп, соңғы демі таусылғанша отанына қызмет ететін ұрпақ өсу қажет. Ал әр ұрпақ өз тарихын, өткенін білу парыз. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы бүгінгі ұрпақ өз елінің тарихын, өткенін білмей, болашағы кемел болмайды деген болатын.



# ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1920-1930 ЖЫЛДАРДАҒЫ ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ

**Сабей ГУЛЬЗАДА,**
*№2 мектеп-гимназияның*
*тарих пәні мұғалімі.*
*Туркестан облысы, Келес ауданы,*

<table>
<tr><td colspan="2">Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:</td><td colspan="4">8.4.2.1 Қазақстандағы индустрияландырудың жетістіктері мен кемшіліктерін талдау</td></tr>
<tr><td colspan="2">Сабақтың мақсаты</td><td colspan="4">Қазакстанда индустрияландыру нәтижесінде орын алған өзгерістерді анықтайды.<br>Индустрияландыру саясатының салдарын талдайды.</td></tr>
<tr><td colspan="6">Сабақтың барысы</td></tr>
<tr><td>Сабақтың кезеңі//уақыты</td><td>Педагогтің әрекеті</td><td>Оқушының әрекеті</td><td>Бағалау</td><td>Ресурстар</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастыру<br>Өзін-өзі тексеру<br>Өткен білімді еске түсіру</td><td>«Миға шабуыл» әдісі қолданылады.<br>Сабақтың тақырыбын анықтау мақсатында: суреттер ұсынылады. <br>Индустриаландыруұғымымен таныстырып өтеді.Индустриаландыру - техникамен жабдықтау арқылы халық шаруашылығын барлық салаларын дамыту.<br>сабақ мақсаты мен бағалау крийтерийлерімен таныстырады.</td><td>Оқушылар өз ойларын ортаға салады. Суреттерге қарай отырып бүкіл сыныптық талқылау арқылы тақырыпқа шығады. Оқушылар жауаптары арқылы жаңа тақырыпқа көшу. ЕБҚ оқушыны өзін сыныптан шеттетілгендей сезінбеуі үшін мұғалімнің үстеліне жақын, мінез-құлқы жайлы балалардың тобына орналастыру.</td><td>ҚБ Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады<br>ҚБ Мадақтау</td><td>http://history.voxpopuli.kz/post/1313/kak-stroilas-zheleznaya-doroga</td></tr>
<tr><td>Жаңа білім</td><td>Мағынаны тану<br>Оқушыларға Қазақстанның индустрияландыру кезіндегі картасы ұсынылады.<br><table><tr><td>Жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындары</td><td>Түсті металлургия кәсіпорындары</td><td>Көмір кен орындары</td><td>Мұнай кен орны</td></tr><tr><td></td><td></td><td></td><td></td></tr></table>ЕБҚ оқушыға дереккөздің форматын үлкейтіп, қолдау жасау<br>Тапсырма:<br>1.Қазақстанның 20-30 жылдарындағы өндірісінің ең негізгі жетістіктері мен кемшіліктерін атайды.<br>2.Қазіргі Қазақстан индустриясының ең негізгі жетістіктері мен кемшіліктерін атайды.<br>3.Қазақстан индустриясының болашақта дамытуға ең қажетті салалары бойынша ұсыныс жасайды.<br>Интерпритация<br>«Егер де сені танымайтын бір елді басқаруға жіберсе, басқара алар ма едің? Қандай қиындықтар кездеседі?» деген сұрақ қоямын. Болжамды жауаптары: алдымен, сол аймақты зерттеуші едім, ол халықтың тілін, дәстүрін білмеймін, халық көтеріліске шығуы мүмкін.<br>Осы кезде Қазақстан Өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы болып келген, Қазақстанды тек картадан ғана көрген Ф.И. Голощекинің өмірбаяны, индустрияландыру, «Кіші Қазан идеясын» қысқаша түсіндіріп кету.<br>Дерекпен жұмыс: Оқушылар мәтін негізінде зерттеу экспедицияларын анықтап, кесте толтырады.<br>ЕБҚ оқушыға көмекші карточкалар арқылы тапсырма беру<br><table><tr><td>Зерттеушілер</td><td>Зерттеген аймақтары</td><td>Зерттеулерінің маңыздылығы</td></tr><tr><td></td><td></td><td></td></tr></table></td><td>Дескрипторлар:<br>Қазақстандағы кем дегенде 2 жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарын көрсетеді.<br>Қазақстандағы кем дегенде 2 түсті металлургия кәсіпорындарын көрсетеді.<br>Қазақстандағы кем дегенде 2 көмір кен орындарын көрсетеді.<br>Қазақстандағы кем дегенде 2 мұнай кен орнын көрсетеді.<br>Дескрипторлар:<br>Қазақстанның 20-30 жылдарындағы өндірісінің кем дегенде үш жетістігін көрсетеді<br>Қазақстанның 20-30 жылдарындағы өндірісінің кем дегенде үш кемшілігін көрсетеді<br>Дескрипторлар:<br>1.Қазақстан индустриясында жеңіл өнеркәсіп саласын болашақта дамытуға ұсыныс жасайды<br>2.Қазақстан индустриясында ауыр өнеркәсіп саласын болашақта дамытуға ұсыныс жасайды<br>Дескрипторлар:<br>Қазақстанды индустриаландыру тұсында табиғи байлықтарды зерттеген 3-тен кем емес зерттеушілерді біледі.<br>Әр зерттеушінің зерттеген аймақтары мен зерттеулерінің маңыздылығын айта алады.<br>ЕБҚ оқушыға тапсырма шығарылып беріледі.</td><td>ҚБ Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады<br><br>«Ең үздік жауап»<br><br>Мұғалім тарапынан кері байланыс беріледі.<br>Оқушылар бір біріне түсініксіз тұстары болса, сұрақ қояды.<br><br>ҚБ Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады<br>Өзін-өзі бағалау</td><td>Ақпараттық тақырыптық мәтіндер<br><br>Б. Ғ. Аяған, Х. М. Әбжанов, Д. А. Махат. Қазіргі Қазақстан тарихы. – Алматы: Раритет, 2010<br><br>Тақырыптық суреттер<br><br>Кесте<br><br>ҚБ парағы</td></tr>
<tr><td>Бекіту</td><td>Сабақты қорытындылау<br>Индустрияландыруға қатысты С. Садуақасовтың цитатасын беру арқылы мынадай сұрақ қоюға болады: «Не себепті С. Садуақасовтың сөздері Кеңес үкіметіне ұнамады?».<br>Оқушылар алдымен жұпта талқылап, содан кейін барлық сыныппен ойларымен бөліседі.<br>Үйге тапсырма<br>Қазақстандағы 1920-1930 жылдардағы индустрияландыру</td><td>Сабақтың тақырыбын қорытындылау</td><td>«Ең үздік жауап»</td><td>Ақпараттық карточка</td></tr>
<tr><td>Кері байланыс</td><td>Түсінген жоқпын, сұрағым бар<br>Барлығы түсінікті. Түсінбеген тұстарды білдім.</td><td>Тақырып бойынша не білетінін, не білгісі келетінін, не білгенін жазады</td><td>Оқушылар бағалай</td><td>А4, конспект</td></tr>
</table>